

Бекітемін:
Мектеп директоры:
Молдобаева А.И.



Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі:
Шайзан А. *[Signature]*

*Жаратылыстану-математика
пәндер бірлестігінің
іс-шаралар жоспары*

Пән бірлестік ережесі.

Әдістемелік бірлестік туралы ереже

I. Жалпы ережелер

Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі (БМ) әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізеді.

Әдістемелік бірлестік бір пән немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша құрамында кемінде 5 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестіктерді құру, олардың санына, құрамына өзгерістер енгізу мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Әдістемелік бірлестіктер тікелей директорың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

II. Әдістемелік бірлестіктің міндеттері мен қызмет бағыттары

Әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді шешу үшін құрылады:

- пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;
- сабақ беру әдістемесін жетілдіру;
- мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру;
- педагогикалық эксперименттерді жүргізу.

I. Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттерді өткізу және олардың нәтижесін білім процесіне енгізу;
- оқу-әдістемелік мәселелер бойынша мұғалімдердің шығармашылық есептері, дөңгелек үстелі, кеңестер, семинарлар т.б.;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша лекциялар, баяндамалар және дискуссиялар;
- озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын зерттеп, оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- пән және әдістемелік апталықтарды өткізу;
- өзара сабаққа ену;
- оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау

II. Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау;
- оқу жоспарының вариативтік бөлімдерін жасауға қатысу;
- оқу бағдарламаларындағы минимал көлем мен мазмұнға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізу;
- оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- пәндерді оқыту әдістемесі бойынша баяндамалар дайындау және талқылау;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін қарастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу пәндерін оту әдістемесін жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік бірлестік ішінде және әдістемелік бірлестіктер арасында өзара сабаққа енуді ұйымдастыру;
- пәндер бойынша сайыстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелер жасау

III. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы.

Әдістемелік бірлестікті бірлестік мүшелерінің келісімімен тәжірибелі ұстаздар ұстаған тораға басқарады. Торағаны БМ директоры тағайындайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жылдық жоспар негізінде іске асырылады. Жоспар әдістемелік бірлестіктің жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бірлестіктің торағасы тарапынан құрылады. Әдістемелік бірлестіктің отырысында қарастырылған жұмыстардың орындалуына қатысты мектеп директорының қолымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Отырыс мерзімі, өтілу орны туралы тораға дер кезінде директорының әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттамға журналға хабарлау керек. Қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттамға журналға жазылады. Ұсыныстар әдістемелік бірлестік торағасының қолымен бекітіледі.

IV. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары

- ӘБ торағасын тағайындау туралы бұйрық.
- Әдістемелік бірлестік туралы ереже.
- Өткен оқу жылының жұмысын талдау.
- Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, негізгі бағыттары және жоспары.
- ӘБ жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
- ӘБ мүшелері туралы мәліметтер.
- ӘБ мүшелерінің өз білімін жетілдіру тақырыптары туралы мәліметтер.
- ӘБ мүшелерінің біліктілігін көтеру кестесі.
- ӘБ мүшелерін аттестациялаудың перспективті жоспары.
- Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесі.
- Оқу бағдарламалары.
- Пән апталықтарының жоспары.
- Жас маманмен жұмыс жоспары.
- Пән бойынша алынған бақылау жұмыстарының қорытындылары.
- Мектепшілік бақылау (анықтамалар, диагностика).
- ӘБ отырыстарының хаттамалары.

V. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:

- мұғалімдердің біліктілік разрядтарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектепте оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ-те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселе;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес алуға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға.

VI. Әдістемелік бірлестік қызметін бақылау.

Әдістемелік бірлестіктің қызметін мектеп директоры және оның орынбасарлары тарапынан бақыланады. Бақылау мектептің әдістемелік жұмысы және мектепшілік бақылау жоспарларына жүргізіледі.

VII. Әдістемелік жұмысының негізгі міндеттері

- Ұстаздардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Сабақтар өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.
- Жас мамандарды кәсіби шыңдау.
- Жаңа ақпараттық технологияларды ендіру негізінде оқу сабақтардың өтілу сапасын жоғарылату.
- Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларды іздеу бойынша педагогикалық эксперименттерін жалғастыру.
- Шығармашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарқату процесінің жаңа әдістемелік жасақтауын талдау және апробациялау, озат педагогикалық тәжірибені, оқытудың жаңа формаларын, әдістерін ендіру.
- Барлық құжаттарды жүргізу сапасын жоғарылату бойынша жұмысты ұйымдастыру және бақылау.
- Оқу, ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалды жасау.

Жаратылыстану - математика әдістемелік бірлестігінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс

ЖОСПАРЫ

№	Жұмыстың негізгі бағыттары	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
I. Оқыту үрдісін ұйымдастыру			
1	Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарын құру және отырыстарын ұйымдастыру (қосымша 1)	Тамыз	Хомыт А.
2	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды даярлау	Тамыз	Пән мұғалімдері
3	Математика, физика, информатика, биология, химия, география пәндері бойынша бақылау жұмыстарын даярлау	Қазан, желтоқсан, наурыз, мамыр	Пән мұғалімдері
4	Математика, физика, информатика, биология, химия, география пәндері бойынша бақылау жұмыстарын өткізу	Қазан	Хомыт А Пән мұғалімдері
5	Жаратылыстану - математика апталығын өткізу		Хомыт А Пән мұғалімдері
6	Тоқсандық, жартыжылдық, жылдық есептерді өткізу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
7	Білім сапасына жүйелі түрде қадағалау жүргізу	Үнемі	Хомыт А Пән мұғалімдері
8	Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары	Үнемі	Пән мұғалімдері
9	Ұлттық бірыңғай тестілеу, мемлекеттік аралық бақылауға дайындық	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
10	Оқушыларды мектепішілік, аудандық, республикалық олимпиадаға қатыстыруға дайындық жүргізуді ұйымдастыру	Үнемі	Пән мұғалімдері
11	Мектепішілік олимпиада ұйымдастыру	Қараша	Пән мұғалімдері

12	Оқушыларды аудандық олимпиадаға қатыстыруға дайындық жүргізуді ұйымдастыру	Желтоқсан	Пән мұғалімдері
13	Қорытынды аттестациялау емтихандарына даярлау	Сәуір - мамыр	Пән мұғалімдері

II. Кәсіби өсу және педагогикалық шеберлігін шыңдау

1	Өзара сабаққа қатысу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
2	Математика, физика, информатика, биология, химия, география мұғалімдерінің семинар, конференция т.б іс-шараларда жинақтаған білімдерін ортаға салу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
3	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесін жасау (дәстүрлі, дәстүрлі емес)	Жыл бойы	Хомыт А
4	Кәсіби басылымдардағы үздік мақалаларға талдау жүргізу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
5	Жаңа технологияларды сабақтарда пайдалану	Жыл бойы	Пән мұғалімдері

III. Дарынды балалармен жұмыс

1	Оқушылардың жаратылыстану бағытындағы пәндерге дарындылығын анықтау жұмыстарын жүргізу. Дарынды балалар тобын құру.	Қыркүйек	Хомыт А Пән мұғалімдері
2	Оқушылардың дарындылығын дамыту үшін жүргізілетін жұмыс жоспарын құру.	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
3	Дарынды балаларды ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатыстыру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
4	Оқушыларды ғылыми-жобалар сайыстарына қатыстыру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
5	Дарынды оқушыларды аудандық республикалық олимпиадаларға	Жыл бойы	Пән мұғалімдері

Жаратылыстану- математика пәндері бірлестігінің мүшелері

Мақырыбы: «Жаратылыстану және математика циклдағы пәндерді оқытуда білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы ретінде оқушылардың танымдық жұмысын белсендіру».

Міндеттері:

- Білім мазмұны мен оқытудың әдіс- тәсілдерін жаңарту арқылы білім сапасын арттыру;
- Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- Ұжымды ғылыми ізденіске бағыттау, педагогикалық ынтымақтастықты нығайту;
- Бақылау жұмысы мен тесттер, ойындар, қосымша сабақтар, бағдарламадан тыс оқулықтар арқылы оқушылардың әр іс-қимылын, шығармашылығын дамыту
- Оқушылардың ойлау, сөйлеу, өз бетінше іздену, өз ойын толық жеткізе білу қабілеттерін дамыту

Жаратылыстану және математика бағытында мұғалім бар.

Бірлестік мүшелерінің саны: 8

P/C	Аты -жөні	Білімі	Жұмыс өтілі	Санаты
1	Аси Жамбал	Арнайы орта	31 жыл 15күн	II санат
2	Идеят Озат	Жоғары	32 жыл 15 күн	Педагог-сарапшы.
3	Хомут Айгүл	Жоғары	9 жыл 15 күн	модератор
4	Саяхат Абдулла	жоғары	2 жыл 15 күн	Санатсыз
5	Хуат Инкар	жоғары	11 жыл	Педагог - сарапшы.
6	Ғазез Бақытты Серікқызы	жоғары	5 ай	Санатсыз
7	Женіс Сапаргүл	жоғары	9 жыл 15 күн	Санатсыз
8	Бакытжан Бұлбұл	Арнайы орта	15 күн	педагог

Жаратылыстану –математика бірлестігінде барлығы 8 мұғалім жұмыс атқарады. 6 мұғалім білімі жоғары, 2 мұғалім арнайы орта . Олардың 2 мұғалім сарапшы , 1 мұғалім модератор , 5 мұғалім санатсыз.

Мұғалімдердің біліктілік арттыру курсынан өткені жайлы ақпарат

P/C	Аты -жөні	Біліктілік арттыру курсы
1	Аси Жамбал	<p>ҚР білім және ғылым министірлігі "Өрлеу" біліктілік арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы Сертификат "Орта білім беру мазмұнын жанарту жағдайында "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқытудың инновациялық тәсілдері мен әдістемелері" 02.11. 2018 жыл № 0249550</p> <p>2019 жыл. Сертификат. ҚР орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде "Көркем еңбек" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 40 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқталды. Педагогикалық шеберлік орталығының Көкшетау қаласы филиалы 16.07.2019 жыл. БЖ № 002749</p>
2	Идеял Озат	<p>ҚР білім және ғылым министірлігі "Өрлеу" біліктілік арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы Сертификат "Дене шынықтыру" мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. 27.02.2015ж № 0013824</p> <p>Ақмола обл ББЖО дене тәрбиесі спорт және АӘД оқу әдістемелік орталығы "Білім беру мазмұн жанарту ына байланысты дене тәрбиесі мен АӘД оқытушылардың кәсіби біліктіліктерін арттыру</p>
3	Хуат Инкар	<p>"Өрлеу" "БАҰО" АҚ филиалы "Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты" ҚР орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде "Математика" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқталды. 12 мамыр 2017 ж.</p> <p>"ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ" біліктілік арттыру курсы 30.08.2021 № 042924</p>
4	Хомут Айгүл	<p>"Өрлеу" "БАҰО" АҚ филиалы "Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты" ҚР орта білім мазмұнын жанарту шеңберінде "Математика" пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқталды. 16.07.2019ж БЖ № 014215</p> <p>" Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогика шеберлік орталығы" жекеменшік әзірленген " Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлануын дамыту" педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша 56 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқталды. 10.07.2020ж</p>

Жаратылыстану- математика пәндері бірлестігінің жылдық есебі.

Тақырыбы: «Жаратылыстану және математика циклдағы пәндерді оқытуда білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы ретінде оқушылардың танымдық жұмысын белсендіру».

Міндеттері:

- Білім мазмұны мен оқытудың әдіс- тәсілдерін жаңарту арқылы білім сапасын арттыру;
 - Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
 - Ұжымды ғылыми ізденіске бағыттау, педагогикалық ынтымақтастықты нығайту;
 - Бакылау жұмысы мен тесттер, ойындар, қосымша сабақтар, бағдарламадан тыс оқулықтар арқылы оқушылардың әр іс-қимылын, шығармашылығын дамыту
 - Оқушылардың ойлау, сөйлеу, өз бетінше іздену, өз ойын толық жеткізе білу қабілеттерін дамыту
- Жаратылыстану және математика бағытында мұғалім бар.

Бірлестік мүшелерінің саны: 9

Р/С	Аты -жөні	Білімі	Жұмыс өтілі	Санаты
1	Аси Жамбал	Арнайы орта	30 жыл 4 ай	II санат
2	Идеят Озат	Жоғары	31 жыл 4 ай 4 күн	Педагог-сарапшы.
3	Хомут Айгүл	Жоғары	9 жыл 4ай	II санат
4	Камзенов А.Ж	жоғары	10 жыл	Педагог-модератор
5	Шошак Лида	жоғары	11 ж 1к	II санат
6	Мустахова Бердігүл	жоғары	3 жыл 25 күн	санатсыз
7	Саяхат Абдулла	жоғары	2 жыл 3 күн	Санатсыз
8	Хуат Инкар	жоғары	11 жыл	Педагог - сарапшы.
9	Ғазез Бакытты Серікқызы	жоғары	5 ай	Санатсыз

Жаратылыстану –математика бірлестігінде барлығы 10 мұғалім жұмыс атқарады. Барлығының білімі жоғары. Олардың 3 мұғалім I санатты, 2 мұғалім II санатты, 5 мұғалім санатсыз.

Жаратылыстану –математика әдістемелік бірлестігінің жылдықта жоспарланған жұмыстары, жиналыстары өз уақытында өтілді.

Әдістемеге кіретін мұғалімдер мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға белсенді түрде ат салысты. Математика пәні мұғалімі Хомыт Айгүлдің **2022-2023 оқу жылының жетістіктері:**

«Дарын» Республикалық ғылыми -практикалық орталығының ұйымдастырумен өткізілген математика пәні бойынша

«КЕНГУРУ математика барлығы үшін»

Ауталив Асел 8 «Ә» СЫНЫП

I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

Манарбек Дана 8 «Ә» СЫНЫП

II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

Бахыт Жапылсын 8А СЫНЫП

I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

Бергенбай Айым 8 А СЫНЫП

I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

Серік Абдулқарим 6СЫНЫП

I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

Мартынова Яна 6 СЫНЫП

II ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ- жетекшісі Хомыт Айгүл

Алматы қаласы Республикалық ғылыми әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз басылымы «Білім әлемі»

ДИПЛОМ

Дене шынықтыру мұғалімі Саяхат Абдуланың жетістіктері : «Алғыс хат» Шортанды ауданы ішкі саясат ,мәдениет,тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы

«Городошному спорту » II орын

«Мадақтама» облыстық курсқа қатысушы тыңдаушылар арасында ұйымдастырылған волейболдан I орын

Қатысушы сертификаты -Халықаралық техникалық семинарға қатысқандығын растайды

«Мадақтама» облыстық курсқа қатысушы тыңдаушылар арасында ұйымдастырылған волейболдан II орын

«Алғыс хат» мектеп директоры

«Мадақтама» мектеп директоры

«Алғыс хат» Шортанды ауданы әкімінен

Ғылыми жоба бойынша «Алғыс хат»

Сертификат «Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту»

Алғашқы әскери дайындық мұғалімі Аси Жаамбылдың жетістіктері :

Мадақтама

Өнер, денешынықтыру, АӘД пәндер

апталығы аясында әскери - патриоттық

сайыста қыздар арасында

«Үздік автомат құрастырушы»

номинациясынан

I орын алғаны үшін

10 сынып оқушысы

Жамбал Жұлдыз

МАРАПАТТАЛАДЫ

Мадақтама

Өнер, денешынықтыру, АӘД пәндер



апталығы аясында әскери - патриоттық

сайыста ұлдар арасында

«Үздік автомат құрастырушы»

номинациясынан

I орын алғаны үшін



тәжірбие алынды.

Дарынды және талантты оқушыларды дамытуда оқушылардың зияткерлік қырларын жетілдіру үшін олимпиадалар, конкурстар, ғылыми жобаларға тарту қолға алынууда.

Біздің алдағы мақсатымыз бен жоспарымыз:

- Мұғалімдік шеберлігімізді одан әрі шыңдау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру;
- Оқушылармен ынтымақтаса отырып, бірге жұмыс жүргізу;
- Болашақта өз орнын таба білетін және еңбеккер адамгершілігі мол сыни тұрғыдан ойлай алатын тұлға тәрбиелеу.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылы

Қоғамдық - гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің

I жартыжылдық жұмысына талдау

Қоғамдық - гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру жұмысының озық әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру».

ӘБ жұмысының мақсаты: Бәсекеге қабілетті тұлғаны оқытудағы мұғалімдердің құзырлықтары мен кәсіптік шеберліктерін жетілдіру бағытында жұмыстар ұйымдастыру. Әр мұғалімнің мектеп пен әдістемелік бірлестік тақырыбына сәйкес өз білімін жетілдіру тақырыптары бар.

2023-2024 оқу жылындағы қоғамдық – гуманитарлық пән мұғалімдерінің сапалық құрамын төмендегі кестеден көруге болады:

№	Тегі, аты-жөні	Сынып	Санаты	Аттестаттау	Қурстан өткен жыл
1	Мухитова Ш.С	5, 6, 7, 8, 9, 10, 11	педагог зерттеуші	2024 ж.	2023 ж.
2	Дайрова Ж.Б	6, 7, 8, 11	педагог сарапшы	2024 ж.	2023 ж.
3	Жантаева М.С	5, 8, 9, 10, 11	педагог	2024 ж.	2022 ж.
4	Шайзан А	5, 10, 11	педагог сарапшы	2025 ж.	2020 ж.
5	Естай А	6, 8, 9	I санат	2024 ж.	2022 ж.
6	Жанарбек Е	5, 6, 7, 8, 9, 10, 11	II санат	2025 ж.	2022 ж.
7	Канафина Ж.С	5, 6, 7, 9, 10, 11	педагог модератор	2029 ж.	2021 ж.
8	Зейнеш Д.Д	2, 3, 4, 5, 6, 7	педагог	2026 ж.	-

Тамыз айының соңғы күндерінде қоғамдық – гуманитарлық пән мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің бірінші отырысы өтті. Отырыста мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары, оқу жоспарының жылжымалы бөлігіндегі тандау пәндерінің бағдарламалары қаралып, бекітуге жіберілді.

«Ата дәстүр – асыл қазына» және «Тілашар» үйірмелерінің күнтізбеліктақырыптық жоспарлары құрылып, бекітілді.

Бақылау жұмыс дәптерлерінің әр сыныпта басталғандығын тексеру, сондай-ақ күнделікті жұмыс дәптерлерінің тексеріліп тұруын қадағалау және алғашқы бақылау жұмыстарының кестесі құрылды.

Жалпы білім беретін Жолымбет №2 орта мектебінде 2023 жылы 26 тамыз пен 26 қыркүйек аралығында «Тілдер айлығы» шеңберінде өткізілетін «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбындағы іс-шаралардың жоспары құрылып, мемлекеттік тіл мәртебесін арттырып, қолданысын кеңейту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектептегі тіл пәндерінен (қазақ, орыс, ағылшын) сабақ беретін мұғалімдер оқушыларға арнап әртүрлі іс-шаралар өткізді. *«Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз»* атты онкүндіктің есебі

5-қыркүйек мектебімізде Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдері күніне орай, “Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз” атты тіл онкүндігінің ашылу салтанаты өтті. Мерекелік кеште мектеп директоры Молдобаева Арнауль Искеновна, оқушыларды Тілдер күні мерекесімен құттықтады. Салтанатты кеште мектеп оқушылары өздерінің тіл туралы жаттаған өлеңдерін оқыды.



Және де мемлекет қайраткері, қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық

жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда партиясының мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай, мектебімізде 10-11 сыныптың оқушыларымен «Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлов» атты зияткерлік шоуы өтті. Оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянымен толықтай танысып, өзара пікір алмасып, ұялы телефоннан wordwall.net сайты арқылы онлайн тест сұрақтарына жауап беріп, лидер оқушыны анықтады.

Ұйымдастырушы: Канафина Ж.С




Таблица лидеров

Мұхит

Ақжол

Лейла

Назад



6-қыркүйек күні Тілдер онкүндігінің жоспарына сай, 7-8-9 сынып оқушылары арасында "Тіл тағдыры - ел тағдыры" тақырыбында үш тілде эссе жазу байқауы өтті. Эссе жазуға оқушылар үлкен белсенділікпен атсалысты. Эссе – прозалық әдеби жанр. Француз тілінен аударғанда «очерк» немесе «нобай» деген мағынаны білдіреді. Эссе автордың дара әсерін, белгілі бір мәселеге қатысты көзқарасын көрсетеді. Ол белгілі бір сұраққа толық жауап бермейді, тек сол мәселеге қатысты өз ойын немесе әсерін көрсетеді. Эссе жазу кезінде логика, ойды дәйектеу мен ақпаратты сауатты жеткізу қабілеті жақсы дамиды.

7-қыркүйек оқушыларымен өткізілді. Оқушы жеткізе біліп, сөй сайты арқылы сұр танымды болды. С жаңа технология, ж Тілдер мерекес Жаңадан келген жас м атты көркем шығарма. Байқауға 5-11 сыныпта


8-қыркүйек Тілдер с пәнінің мұғалімі Дайрова . менің -тірлігімнің айғағы”.



7-қыркүйек бастауыш сынып мұғалімі Майт Серікгүл 2 "Ә" сынып оқушыларымен "Сөйлеу мәдениеті" тақырыбы бойынша аралас сабақ өткізілді. Оқушылар "Сөйлеу мәдениеті" тақырыбы жайлы өз ойларын жеткізе біліп, сөйлеу не үшін қажет екенін ашып айта алды. Wordwall онлайн сайты арқылы сұрақтарға жауап берді. Оқушылар үшін сабақ қызықты және танымды болды. Сынып жетекшілері Майт С, білім саласындағы барлық жаңа технология, жаңа әдіс-тәсілдерді өз сабағында пайдаланды.

Тілдер мерекесіне орай сурет салу байқаулары да шет қалмады. Жаңадан келген жас маман Зейнеш Даяна Денисовна «Сұлу сөздің өрнегі» атты көркем шығармалар бойынша жас суретшілер байқауын өткізді. Байқауға 5-11 сыныптар атсалыса қатысты.

8-қыркүйек Тілдер онкүндігінің барысында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Дайрова Жанат Балгатаевна 9-сынып оқушыларымен "Тілім менің -тірлігімнің айғағы" атты интеллектуалды ойын өткізді. Мақсаты:



оқушылардың ой-өрісін кеңейту, шешендік сөздердің қыр-сырын түсінуге баулу.

Онкүндіктің екінші аптасының бірінші күні 11-қыркүйек. Бүгін мектебімізде оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүюге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік

ерекшеліктері, салт-дәстүрі, діні, тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру, оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту, жұрт алдында еркін ауыз екі сөйлеуге баулу мақсатында 7-8-9 сынып оқушылары арасында «Өнер алды - қызыл тіл» өлеңді мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайысқа үш тілде өлең жаттаған оқушылар қатысты. Сайыс ІІ бөлімнен тұрды. І бөлім. «Туған тілім - қазынам». Ақындардың тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту. ІІ бөлім. Мақалды жалғастыру.

12-қыркүйек 2023 жылы 11-сыныпта "Тілдер мерекесі" аясында "Шетел әдебиеті классигі - Уильям Шекспир" тақырыбымен ашық сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың әлем әдебиетіне деген қызығушылығын арттырып, ой-өрісін кеңейту.



Ұлт болу үлгісі бай. Осы күн.

9 «Ә» сыныбының тақырыбы: «Тіл тазалығы». Мақсаты: Оқушыларды қазақ елін, қазақ тілін қастерлеуге, ой - өрісін кеңейтуге, шешендік өнердің қыр – сырын ұғына білуге тәрбиелеу. Тілдің қоғам өміріндегі маңызын ұғындыру.

13 қыркүйек күні тілдер онкүндігі жоспарына сай 3 А сыныбында "Тілім менің-тірлігімнің айғағы" тақырыбында қазақ тілі сабағынан ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: Мәтіннің түрлерін ажырата отырып, суреттерді пайдаланып мәтін құрап айту. Ауызша сөйлеу барысында мақал-мәтелді қолдану. Өлеңді мәнерлеп, нақышына келтіре оқуына назар аудару. Сабақ өте нәтижелі өтті. Оқушылар сабақ барысында әртүрлі тапсырмаларды қызыға орындап, белсенді қатысты. Тілдер мерекесіне орай 5-сынып оқушыларымен «Ахмет-ұлы даланың ұлы тұлғасы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Ақын өнерін оқушыларға үлгі етіп үлес қосуға тәрбиелеу

14-қыркүйек тілдер күнінің онкүндігі жоспарына сай, 1-сыныпта «Ана тілім - ардақтым!» тақырыбында ашық тәрбие сабағы өтті. Іс-шарада оқушылар өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Накыл сөздермен танысты. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың шығармалары және өмірбаянымен танысты.



Ұлт болу үшін бірінші шарт- тілі болуы. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл

катысып, топқа бөлінді. Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Сайыста оқушылар тіл пәндері бойынша өз білім - біліктерін сарапқа салды. Оқушылардың жан-жақты білім танымдылықтары арқылы ізденіс, талпыныс мүмкіндіктері көрінді.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Қалаған Мубарак қыркүйектің 15 – 23 аралығында 1 – 7 сыныптар арасында «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында шығармалар сайысын ұйымдастырды. Жұлделі орынға ие болған оқушылар Мақтау қағазымен марапатталды. Сонымен қатар, 5-11 сыныптар арасында «Тіл тұтастығы – ел тұтастығы» атты қазақ, орыс, ағылшын пәндерінен шығармалар сайысы өткізілді. «Тіл – достық құралы», «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында 1 – 11 сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағатының басты мақсаты қазақ тілінің мәртебесін көтеру.

Тіл пәндері мұғалімдері бірігіп, 5- 9-сынып оқушылары арасында орыс тілінің грамматикасына, тарихына байланысты лингвистикалық викториналарды ұйымдастырып, өткізді.

Апталық соңында «Ана тілінді құрметте» атты әдеби кеш өткізілді. Апталыққа оқушылар белсене қатысып, тілдің құдіретін танып, тұлғалық құзыреттіліктерін шыңдай білді. Жүргізілген іс-шаралардың білімділік, тәрбиелік мәні жоғары болды.

Қыркүйек айының басында оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «0»-дік бақылау жұмысын жазды. Бақылау жұмысына барлығы 87 оқушы қатысты.

Қазақ тілі пәнінен қазақ сыныптарындағы «0»-дік бақылау жұмысының нәтижесі:

- 5 «а» сынып: сапа – 100 % үлгерім – 100 %
- 6 «а» сынып: сапа – 58 % үлгерім – 90 %
- 7 «а» сынып: сапа – 62 % үлгерім – 94 %
- 8 «а» сынып: сапа – 80 % үлгерім – 100 %
- 9 «а» сынып: сапа – 86 % үлгерім – 100 %
- 10 «а» сынып: сапа – 100 % үлгерім – 100 %
- 11 «а» сынып: сапа – 90 % үлгерім – 100 %

Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің мұғалімдері әртүрлі сайыс, семинар, коучинг, конференция, курстарға т.б. белсене қатысып отырады.

Қыркүйек айының 14-де әдістемелік кабинеттің жоспарына сәйкес аудандық «Мағжан оқулары» сайысы өтті. Сайысқа 10-сынып оқушысы Емелхан Қарашаш /мұғалімі Мубарак Қ./ қатысып, I орынды иеленді және ол оқушылар облыстық сайысқа жолдама алды. Осы оқушылар 24 қарашада Көкшетау қаласында өткен облыстық «Мағжан оқулары» сайысына қатысушы болып келді (сертификат).

Қараша айының 16 – да аудандық білім бөлімі Тіл заңының орындалу барысын тексеруге келді. Тексеріс барысында 9 – 11 – сынып оқушыларынан қазақ

I
-
оқу
- пе
көм

жүрг
– жі
уақыт
тапсы
С
қатысқа
қабілетт
Бар
Оның іш
I орынды
Сон

оқушы.
Нәтижесі:

Пән

Қазақ
тілі мен
әдебиеті,
тарих

...сандық бағаны есептеу формуласы:
 БЖБ бағалары мен формативті бағалаудың жасау
 ...апалы бағдарламаның орындалуы.
 ...ақылау және қолдау

тілі пәнінен бақылау жұмыстары алынды. Бақылау жұмысына 30 оқушы қамтылды.
 Бақылау тест түрінде жүргізілді. Нәтижесі:

Жолымбет №2 орта мектебінің 11-қазақ сыныбында үлгерім 100 пайыз, оқу сапасы 62 пайыз, 10-қазақ сыныбындағы бақылауда үлгерім 100 пайыз, оқу сапасы 85 пайыз (динамика -15 %), 9-қазақ сыныбында үлгерім 100 пайыз, сапа 43 пайыз (динамика -17 %), көрсетті.

Пән	сынып, оқыту тілі	аудандық бақылаудың нәтижесі		1-тоқсандық бақылаудың нәтижесі		динамика (сапа)	мұғалім
		үлгерім	сапа	үлгерім	сапа		
Қазақ тілі	11 қазақ	100	62	100	82		
Қазақ тілі	10 қазақ	100	85	100	100	-15	Мубарак Қ
Қазақ тілі	9 қазақ	100	43	100	60	-17	

Қараша айының 25-30 аралығында қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерінен 5-11 сыныптар арасында оқушылардың мектепшілік пән олимпиадасы болып өтті.

Олимпиаданың мақсаты:

- ғылым негіздерін оқуға бейімділік пен қызығушылық танытатын дарынды оқушыларды анықтау;
- пән бойынша теориялық білімдері мен тәжірибелік біліктіліктерін терең меңгеруге көмектесу;

Олимпиада ережеге сәйкес, негізгі мақсат, міндеттері орындала отырып жүргізілді. Білім сайысына қатысып, білмекке құмарлығын дамытып, ақылы мен күш – жігерін шыңдап, білім-ғылым үйренбекке талап қылушы оқушылар шектелген уақыт ішінде меңгерген білім, білік, дағдыларын жан-жақты пайдаланып, әр тапсырма бойынша жүйелі, терең, тиянақты жауап беруге тырысты.

Олимпиадаға 5-11 сыныптар аралығындағы оқушылар қатысты, барлық қатысқан оқушылар саны – 20. Пән мұғалімдері 5-8 сынып оқушыларына ойлау қабілеттерін дамытуға арналған, күрделендірілген тапсырмалар дайындады.

Барлық қатысқан 20 оқушының ішінен 12 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Оның ішінде

I орынды 6 оқушы, II орынды 3 оқушы, III орынды 2 оқушы иеленді.

Сонымен қатар мүлде жүлделі орындарға ие болмаған оқушылар саны – 3 оқушы.

Нәтижесі:

Пән	Сынып	I орын	II орын	III орын
Қазақ тілі мен әдебиеті, тарих	7			Иманмалик А
	8		Жумагул Д	
	10		Естай Гулнур	
	11		Естай Шынар	
	11			Жамбал Жұлдыз Емелхан Қарашаш

20-қараша мен 1-желтоқсан аралығында қазақ тілі мен әдебиет апталығы өтті

Тақырыбы: «Тіл ғұмыры - ұлт ғұмыры»

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Түрі	Сынып	Жауаптылар
1	«Тіл ғұмыры - ұлт ғұмыры» онкүндігінің ашылуы. «Бауырсақ PARTY» акциясы	20.11	Шағын концерт	1-11 сынып	Канафина Ж.С Дайрова Ж.Б
2	«Адамзат баласы құндылыққа мүдделі әрі мұқтаж»	21.11	Эссе байқауы 12:30	10-11 сынып	Канафина Ж.С Дайрова Ж.Б
3	«Ұлттық тағамдар» дайындалуы жөнінде бейнеролик	21.11	Бейнероликтар байқауы	5-7 8-11	Канафина Ж.С Дайрова Ж.Б
4	«Мақалды жалғастыр» көңілді үзіліс	22.11	Логикалық ойын 09:35	5-11 сынып	Дайрова Ж.Б Канафина Ж.С
5	«Тәуелсіздіктің сырлы бояулары»	23.11	Сурет байқауы 13:15	5-9 сынып	Дайрова Ж.Б Канафина Ж.С
6	Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт». Жомарттық қайырымдылық тамшысы	24.11	Ашық сабақ 11:40	5 – сынып	Дайрова Ж.Б
7	Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы және менің шығармашылығым	27.11	Ашық сабақ 11:40	11 – сынып	Канафина Ж.С
8	«Ұлттың ұлы тұлғалары»	28.11	Көрме 10:35	5-11 - сынып	Дайрова Ж.Б Канафина Ж.С
9	Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай «Менің атым Қожа» спорттық эстафета.	29.11	Спорттық интеллектуалды ойын 14:00	6 «А», «Ә» сынып	Канафина Ж.С Дайрова Ж.Б
10	«Кел, шырқайық!» көңілді үзіліс	30.11	Қазақша караоке 10:35	10-11 сынып	Дайрова Ж.Б Канафина Ж.С
11	Кенес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жылдығына байланысты «Бабаларым аңсаған – Тәуелсіздік» көркем сөз оқу, патриоттық әндер байқауы	30.11	Байқау 15:00	5-7 сынып	Дайрова Ж.Б Канафина Ж.С
12	«Тіл ғұмыры - ұлт ғұмыры» апталығының жабылуы	01.12	Марапаттау 10:35	5-11 сынып	Дайрова Ж.Б Канафина Ж.С


Жоспар бойынша 20-қараша күні «Тіл ғұмыры - ұлт ғұмыры» онкүндігіміздің ашылуы «Бауырсақ PARTY» акциясы арқылы өтті. Оқушылар мен мұғалімдерге тілге, ұлтқа байланысты сұрақ қойылып, бауырсақтан дәм татқызылды. Ашылуы қарсаныңда «Адай» күйіне мың бұралып билесе, жгіттеріміз тамылжытып «Қазақ осы» әнін



шырқады. Тағылымы мен тәрбиесі мол бұндай шара оқушылардың ерекше ынтасын оятты. Онкүндік ары қарай өзіндік идеясымен жалғасын тапты десе де болады.

21-қараша «Адамзат баласы құндылыққа мүдделі әрі мұқтаж» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы өтті. Құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Ол қашанда әлдекімнің (немесе әлдененің) бағалылығын, яғни объективті болмысты және сонымен бір мезетте оның әлдекім (немесе әлдене) үшін құндылығын, яғни субъективті бағалауды білдіреді. Дүние құндылыққа толы – материалды (заттар, әшекей бұйымдар, алтын мен асыл тастар, ақша, меншік және т.б.), табиғи (күннің атуы мен батуы, теңіздер мен таулар, гүлдер және т.б.), көркем (әдебиет пен өнер туындылары) және адами (сұлулығы мен ізгі қасиеттері) құндылықтар. Бір нәрсені екіншісінен артық қору жалпы тірі табиғатқа тән. Аң екеш аңның өзі төлін қызғыштай қорғайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндік жоспарына сәйкес, мектебіміздің инстаграм парақшасында ұлттық тағамдарды дәріптеу



«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылы

IV тоқсан бойынша қоғамдық - гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің жұмысына талдау

Қоғамдық - гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру жұмысының озық әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру».

ӘБ жұмысының мақсаты: Бәсекеге қабілетті тұлғаны оқытудағы мұғалімдердің құзырлықтары мен кәсіптік шеберліктерін жетілдіру бағытында жұмыстар ұйымдастыру. Әр мұғалімнің мектеп пен әдістемелік бірлестік тақырыбына сәйкес өз білімін жетілдіру тақырыптары бар.

2024 жылдың 26 наурыз күні 8-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік Абай оқулары байқауы өтті. Абай оқуларының мақсаты - қазақ халқының әдеби мұрасын насихаттау, оқушылардың классикалық әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарын арттыру. Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлылар поэзиясына, ұлттық рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байқауға 8-10 сыныптарының мектепшілік кезеңіне 6 оқушы қатысты.

I. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы – Абай өлеңдерін жатқа оқу конкурсы.

1-орын: Тохтаубек Сайран 9 “А” сынып оқушысы

2-орын: Бахыт Жанылсын 9 “А” сынып оқушысы

3-орын: Абитаева Гульназ 9 “А” сынып оқушысы

II. «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Абай қарасөздерін жатқа, мәнерлеп оқу.

1-орын: Ауталив Асель. 9 “Ә” сынып оқушысы

III. «Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» номинациясы бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы шығармаларын жатқа оқу.

2-орын: Бірлестік Мадина 9 “Ә” сынып оқушысы

IV. «Көңілім әнді ұзады» номинациясы – оқушының Абай және Шәкәрім әндері мен күйлерін орындау.


1-орын: Берденбек Ислам 9 “Ә” сынып оқушысы



2024 жылдың 2 сәуір күні 8-11 сынып оқушылары арасында мектепішілік “Ілияс Есенберлин” оқулары байқауы өтті. Байқаудың негізгі мақсаты қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, мектеп оқушыларының классикалық әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Ілияс Есенберлин байқауының негізгі міндеттері жазушының шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. “Ілияс Есенберлин” байқауының қатысушылары арасынан 8-сынып оқушысы Жұмағұл Ділназ “Тарихтың көркем суреткері” - эссе жазу номинациясы бойынша аудандық байқауға өтті.



Қазақ тілі пәні бойынша 5-8, 10-сыныптарда емтихан ұйымдастыру және өткізуге дайындық жоспарымен таныстырылды. Емтихан алынатын сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдерімен түсіндіру жұмыстары жасалды және де емтихан алынатын сыныптармен дайындық жұмыстарын бастау жоспары бекітілді.



Отчёт о проделанной работе за 2023/2024 учебный год по русскому языку учителя Мухитовой Шакиры Секбраевны

Хочу начать свой творческий отчет со слов Дмитрия Лихачева: «Учительство – это искусство, труд не менее творческий, чем труд писателя или композитора, но более тяжелый и ответственный. Учитель обращается к душе человеческой не через музыку, как композитор, не с помощью красок, как художник, а напрямую».

Работа над методической темой

Тема моей методической работы: «Использование инновационных технологий обучения на уроках русского языка и литературы с целью повышения качества знаний по предмету».

Основная цель: - повышение качества знаний:

- развитие логики мышления;
- развитие умения видеть связи между различными явлениями и фактами;
- развитие способностей ребенка, его воображения, памяти, самостоятельности;
- развитие умений оценивать себя и друг друга.